

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 19 наурыздағы N 235

"Байланыс-Құрылысшы" және "Актурбо" акционерлік қоғамдарының мемлекеттік емес сыртқы заемдарына қызмет көрсету схемасын нақтылаудың қажеттілігіне байланысты, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық маңызы зор жобаларға қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

"АББ Крафтверке АГ" (Германия) фирмасының қатысуымен Ақтөбе жылу электр орталығын қайта жаңарту туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 мамырдағы N 392 қаулысында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Несиеге қызмет көрсету (негізгі борышты, несиелік проценттерді өтеу, сондай-ақ жолай барлық шығыстарды төлеу):

қайтарусыз негізде республикалық бюджеттің қаражаты есебінен - 21 700 мың (жиырма бір миллион жеті жүз мың) АҚШ доллары сомасында, несие берілген сәттен бастап, кредиторлардың алдындағы аталған соманың мөлшеріндегі міндеттемелер о р ы н д а л ғ а н ғ а д е й і н ;

түпкілікті заемшының өз қаражаты есебінен - кредитордың алдындағы міндеттемелерді түпкілікті орындау үшін қажетті қалған соманың мөлшерінде жүргізіледі деп белгіленсін";

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1993 жылғы 3 маусымдағы N 225 ө к і м і н д е :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Түрік несие желісі шеңберінде ұсынылған несиеге қызмет көрсету (негізгі борышты, несиелік проценттерді өтеу, сондай-ақ барлық жолай шығыстарды төлеу):

қайтарусыз негіздегі республикалық бюджеттің қаражаты есебінен - 3 165 мың (3 миллион жүз алпыс бес мың) АҚШ доллары сомасында, несие берілген сәттен бастап, кредиторлардың алдындағы аталған соманың мөлшеріндегі міндеттемелер о р ы н д а л ғ а н ғ а д е й і н ;

түпкілікті заемшының өз қаражаты есебінен - кредитордың алдындағы міндеттемелерді түпкілікті орындау үшін қажетті қалған соманың мөлшерінде жүргізіледі деп белгіленсін".

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі түпкілікті заемшылардың шетел несиелеріне қызмет көрсету жөніндегі өз міндеттемелерін

орындауын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК